



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA
STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2021 жылғы 29 сәуір

KAZ MINERALS ТОБЫ 2021 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2021 жылдың бірінші тоқсанында KAZ Minerals Тобы 72,4 мың тонна мыс¹ өндірді (2020 жылдың 4-тоқсаны: 75,7 мың тонна) және 275-295 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа жету жолында келеді. Бозымшақ кенішінің 2020 жылдың желтоқсан айында іске қосылып, биылғы бірінші тоқсандағы толыққанды үлесінің арқасында 39,9 мың унция алтын² өндірілді. Бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 4 мың унцияға артық.

Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша Топтың таза берешегі – \$2,410 млрд (2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет: \$2,601 млрд), компания \$62 млн игермеген, өтімді қаражаттың жиынтық көлемі - \$1,298 млрд (2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет: \$1,299 млрд). COVID-19-ға байланысты Қытай-Қазақстан шекарасындағы кідірістер мен концентраттағы мыстың жеткізу мерзімдеріне байланысты 67,8 мың тонна мыс сатылды. Бұл Топ өндірген көлемнен аз.

COVID-19-ға байланысты жағдай

KAZ Minerals компаниясының басымдығы - қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігін, денсаулығын қамтамасыз ету. Қызметкерлерді қорғау үшін және жұмыстағы кідірістер қаупін азайту үшін тестілеу мен оқшаулауды қоса алғанда, кешенді шаралар әлі де қабылдануда. Бұл Қазақстан-Қытай шекарасы арқылы жеткізілімдердің аздаған кідірістерін қоспағанда, бірінші тоқсанда Топтың қызметіне елеулі ықпал етуге жол бермеді.

Ақтоғай

2021 жылдың бірінші тоқсанында Ақтоғайда 13,4 млн тонна кен қазылды, бұл 2020 жылдың төртінші тоқсанындағыдан 7% артық (12,5 млн тонна). Бұл ретте құрамында металы аз 1,6 млн тонна сульфидті кен одан әрі өңдеу үшін қоймаланған. Негізінен оксидті кеннің есебінен 2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда кен қазу 7%-ға (2020 жылғы 1-тоқсан: 12,6 млн тонна) ұлғайды, өйткені былтырғы бірінші тоқсанда өндіріс бұрын жинақталған шикізатты қайта суландыруда шоғырланды.

Бірінші тоқсанда сульфидті кеннен 30,6 мың тонна мыс өндірілді. Бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 12% артық (2020 жылдың 4-тоқсаны: 27,3 мың тонна) және 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 13% көп (27,2 мың тонна) – салыстырып отырған екі кезеңнің көрсеткіштеріне де диірменге жоспарлы техникалық қызмет көрсету әсер етті.

2021 жылғы қаңтар-ақпан айларында ауа температурасының маусымдық төмендеуіне және техникалық қызмет көрсетуге байланысты оксидті кеннен катодты мыс өндірісінің көлемі 4,6 мыңнан 3,3 мың тоннаға дейін азайды. Осы себептер былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда да катодты мыс өндірісінің төмендеуіне алып келді (2020 жылдың бірінші тоқсанындағы 6,1 мың тоннадан 46% аз).

Жалпы, Ақтоғайдың бірінші тоқсандағы мыс өндіру көлемі – 33,9 мың тонна. Бұл өткен тоқсандағыдан 6% артық (2020 жылғы 4-тоқсан: 31,9 мың тонна). Оған кен байыту фабрикасының (БФ) өткізу қабілетінің ұлғаюы және бөліп алудың орташа коэффициентінің анағұрлым жоғары болуы әсер етті.

Бозшакөл

Бірінші тоқсанда 9,2 млн тонна кен өндірілді, өткен тоқсанға қарағанда 6%-ға аз (2020 жылғы 4-тоқсан: 9,8 млн тонна). Жоспарланғандай, каолин балшығы бар кенді өндіру 35%–ға, яғни, 1,9 млн тоннаға дейін (2020 жылғы 4-тоқсан: 3,0 млн тонна) қысқарды, өйткені өткен тоқсанда сульфидті кенге жету үшін қосымша аршу жұмыстары жүргізілді. Сульфидті кенді өндіру көлемі 7%, яғни, 7,3 млн тоннаға дейін ұлғайды (2020 жылғы 4-тоқсан: 6,8 млн тонна). Шикізаттың белгілі бір көлемі одан әрі өңдеу үшін қоймаға қойылды. Каолин балшығы бар кенді аршудың шектеулі мөлшері қажет болған өткен жылмен салыстырғанда жалпы кен 20% артық өндірілді.

Сульфидті және каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабрикалардағы диірмендерге техникалық қызмет көрсету нәтижесінде БФ-ның өткізу қабілетінің төмендеуіне және кендегі металдың анағұрлым төмен орташа

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

құрамы мен бөліп алу коэффициентіне байланысты тоқсандық есепте мыс өндірісі 16%-ға, яғни, 26,3 мың тоннаға (2020 жылғы 4-тоқсан: 31,3 мың тонна) дейін азайды. 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда мыс өндірісінің көлемі 12%-ға төмендеді.

Бірінші тоқсанда алтын өндірісіне (2020 жылғы тоқсандағы 31,4 мың унциямен салыстырғанда 26,2 мың унция) кенді өңдеудің аз көлемі, металдың орташа құрамы мен бөліп алу коэффициенті әсер етті. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда алтын 38%-ға аз өндірілді (2020 жылғы 1-тоқсан: 42,3 мың унция).

Күміс өндірісінің көлемі - 186 мың унция, өткен тоқсандағыдан 25% аз (2020 жылғы 4-тоқсан: 249 мың унция).

Шығыс өңір мен Бозымшақ

Қырғызстандағы Бозымшақ кенішіндегі жұмыстар жандағандықтан бірінші тоқсанда кен өндіру көлемі 41%-ға, яғни, 976 мың тоннаға дейін (2020 жылғы 4-тоқсан: 690 мың тонна) ұлғайды. Елдегі саяси тұрақсыздық кезеңінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның қызметі 2020 жылғы 7 қазан мен 26 желтоқсан аралығында уақытша тоқтатылған. 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда есепті кезеңде кен өндіру 3%-ға төмен болды. Кен өндірудің төмендеуі Шығыс өңірінің барлық шахталарында байқалды.

Кендегі металл құрамының төмендеуінің кесірінен 12,2 мың тонна көлеміндегі мыс өндірісі өткен тоқсанмен салыстырғанда (12,5 мың тонна) 2%-ға төмен. Орлов БФ-да өңделген кендегі металдың жоғары мөлшері Николаев БФ-ның төмен мөлшермен өтелді. Николаев БФ ұзақ уақыт тоқтап тұрған 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда мыс өндірісі 3%-ға өсті (2020 жылғы 1-тоқсан: 11,8 мың тонна).

Алтын өндірісінің көлемі – 13,7 мың унция (2020 жылғы 4-тоқсан: 4,5 мың унция) – өткен тоқсанмен салыстырғанда едәуір жоғары, өйткені Бозымшақ есепті кезеңде толықтай жұмыс істеді. Салыстыру үшін: 2021 жылдың бірінші тоқсанында Бозымшақта 11 мың унция, ал 2020 жылдың төртінші тоқсанында 1,5 мың унция алтын өндірілді.

Өңдеудің жоғары көлемінің арқасында күміс өндірісі 2021 жылдың бірінші тоқсанында 431 мың унцияға (2020 жылдың 4-тоқсаны: 362 мың унция) дейін жетті. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда (2020 жылғы 1-тоқсан: 443 мың унция) өндіріс 3%-ға артты.

Концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі - 9,6 мың тонна, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 6%-ға төмен. Оған негізінен Орлов БФ-ның кеніндегі жоғары орташа үлесін өтеген Николаев БФ-ғы кендегі металдың анағұрлым төмен мөлшері себеп болды.

Топтың өндірісіне қысқаша шолу		2021 1-тоқ.	2020 4-тоқ.	2020 1-тоқ.
		мың тонна		
Мыс өндіру¹		72,4	75,7	74,9
Ақтоғай	мың тонна	33,9	31,9	33,3
Бозшакөл	мың тонна	26,3	31,3	29,8
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	12,2	12,5	11,8
Алтын өндіру ²	мың унция	39,9	35,9	55,4
Күміс өндіру ²	мың унция	763	732	793
Концентраттағы мырыш	мың тонна	9,6	10,2	9,0

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: "Топ бірінші тоқсанда 72 мың тонна мыс өндіре отырып, тұрақты нәтижелерге тағы да қол жеткізді және барлық металдар бойынша жылдық жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу жолында келеді".

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Инвесторлармен байланыс департаментінің менеджері, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2020 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 306 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 196 мың унция алтын мен 3,374 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 25 жылға жуық. Кендегі мыс мөлшері 0,27% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 100 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2024 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші кварталға кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 40 жылға жуық. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орнының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,9 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,39% және кендегі алтынның мөлшері 0,21 г/т болатын 16,6 млн унция алтынды құрайды. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Құрылыстың болжамды күрделі бюджеті – шамамен \$8 млрд.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 16 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары. 2021 жылғы 9 сәуірде NOVA Resources B. V. компаниясының KAZ Minerals PLC-ді ақшалай сатып алуы туралы ұсынысы барлық жағынан келісілді деп жарияланды. KAZ Minerals қарапайым акцияларының Лондон қор биржасындағы листингтік бағалы қағаздардың Негізгі нарықтағы сауда-саттығына жіберілуін және өзінің қарапайым акцияларының Ресми тізілімнің сыйлықақылы листинг сегментінде листингке жіберілуін тоқтату мақсатында KAZ Minerals Лондон қор биржасына, сондай-ақ, қаржылық реттеу және бақылау басқармасына жүгінеді. Компания Қазақстан қор биржасына биржаның ресми тізілімінде KAZ Minerals қарапайым акцияларының саудасын тоқтату және мұндай акцияларды Қазақстан қор биржасының Ресми тізіліміне енгізу туралы өтініш жолдады. Делистинг 2021 жылғы 11 мамырда болады деп күтілуде. Компания жауапкершілігі шектеулі жеке компания ретінде қайта тіркеледі деп болжануда.